

Жеке тұлғамен MasterCard халықаралық төлем жүйесінің төлем карталарын «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ЕБ) беру және пайдалану тәртібі туралы келісім-шарт

Жеке тұлғамен MasterCard халықаралық төлем жүйесінің төлем карталарын «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ЕБ) беру және пайдалану тәртібі туралы осы Келісімшартпен (бұдан әріде – осы Келісімшарт) Банк пен Картаның иегерінің арасындағы MasterCard халықаралық төлем жүйесінің төлем карталарын беруге және қызмет көрсетуге, Ағымдағы-шот ашуға және қызмет көрсетуге, осы Келісімшартта ескерілген өзге қызметтер ұсынуға байланысты қатынастар реттеледі.

1. Осы Келісімшартты жасасу шарттары

- 1.1. Осы Келісімшарт қосылу келісімшарты болып табылады және осы Келісімшарттың шарттарын Банк стандартты нысанда айқындаған.
- 1.2. Картаның иегері осы Келісімшарттың шарттарын ол Банкке арыз беру арқылы жалпы осы Келісімшартқа қосылған жағдайда, қабылдаған деп саналады.
- 1.3. Осы Келісімшарт Банк Арызды Банктің ішкі рәсімдеріне сәйкес акцепттегеннен кейін жасалған деп саналатын болады.
- 1.4. Банк Картаның иегерінің Картасының/Қосымша Картасының/Ағымдағы-шотының нөмірін дербес береді.

2. Келісімшарттың мәні

- 2.1. Осы Келісімшарттың мәні Банк пен Картаның иегерінің арасындағы MasterCard халықаралық төлем жүйесінің төлем карталарын алуға, пайдалануға, Ағымдағы-шот ашуға және қызмет көрсетуге байланысты құқықтық қатынастар болып табылады.
- 2.2. Банк Карта/Қосымша Карта шығарады, Ағымдағы-шот ашады, Картаға/Қосымша Картаға қызмет көрсетуді және Ағымдағы-шотқа қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.
- 2.3. Картаның иегері Картаны осы Келісімшарттың шарттарының негізінде пайдалануды және Картаны Ережелерге сәйкес пайдалануды міндетіне алады.

3. Жалпы қағидалар

- 3.1. Картаны/Қосымша Картаны пайдалану шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Келісімшартпен және Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі.
- 3.2. Карта/Қосымша Карта Банктің меншігі болып табылады. Банк Картаның иегерін 3 (үш) банк күнінің ішінде ескертіп, оған байланысты кез келген операциялар жасау құқығын өзіне қалдырады.
- 3.3. Келесідегі Арыздарды Картаның иегері Банкке Картаның иегеріне шығару туралы қосымша шешімдер қабылдау және қосымша қызметтер көрсету үшін, осы Келісімшарттың шарттарында жолдайды.
- 3.4. Банк қабылдаған барлық Арыздар осы Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Банктің құқықтары:

- 4.1.1. Әлуаттегі Картаның иегері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес болмаған жағдайда, оған Карта/Қосымша Карта беруден бас тарту.
- 4.1.2. Картаның иегеріне Қарыз және/немесе Овердрафт беруден бас тарту.
- 4.1.3. Картаның иегері осы Келісімшартты шарттарын бұзған жағдайда, осы Келісімшарттың әрекетін тоқтату немесе доғару.
- 4.1.4. Ағымдағы шотты жауып, Келісім- шартты бұзу туралы Карточка / Қосымша карточка ұстаушыға ол жорамалданған күннен кемінде 30 (отыз) күнгізбелік күн бұрын Келісім-шарттың Жалпы шарттарында қарастырылған тәсілдермен хабарлап, осы Келісім-шартты бір жақты тәртіпте, оның ішінде Карточка ұстаушы және/немесе Қосымша карточка ұстаушы осы Келісім-шарттың, Ережелердің шарттарын бұзған жағдайларда бұзу.
- 4.1.5. Картаның иегерінің және/немесе Қосымша Картаның иегерінің Банктің, Байланыс Орталық жұмыскерлерімен телефон арқылы әңгімесінің жазбасын жүргізу және аталған жазбаларды сотта дәлел ретінде пайдалану. Бұл орайда Картаның иегері сондай жазуға және аталған жазбаларды сотта дәлел ретінде пайдалануға келісімін береді.
- 4.1.6. Карточка ұстаушыға ондай өзгертулер мен толықтырулардың күшіне кіруі жорамалданған күннен кемінде 15 (он бес) күнгізбелік күн бұрын Жалпы ережелерде қарастырылған тәсілдермен хабарлап, осы Келісім-шартқа, Тарифтерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу.
- 4.1.7. Ішкі рәсімдерге сәйкес Карточка бойынша операциялар жүргізуге арналған авторландырылған лимиттерді белгілеу және оларды Карточка Иесінің алдын ала жазбаша жүгінуі бойынша кем дегенде 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзгерту.
- 4.1.8. Картаның иегерінің Ағымдағы-шотын және/немесе өзге банк шоттарын Операциялардың; Картаның иегерінің/Қосымша Картаның иегерінің осы Келісімшартты/Ережелерді бұзуының салдарынан болған Банктің залалдарының; Банктің белгілі бір транзакция үшін белгіленген тарифтерінің; жаңсақ есепке жатқызылған қаражаттың; қосымша Картаның көмегімен жүргізілген транзакциялардың сомасын; Қарыз бойынша негізгі борыштың; Қарыз бойынша есептелген сыйақының, өсімпұлдардың, айыппұлдардың, тұрақсыздық айыптарының сомасын акцептсіз тәртіпте дебетке жатқызу.

4.1.9. Картаны/Қосымша Картаны:

- Картаның иегері және/немесе Қосымша Картаның иегері осы Келісімшарттың, Ережелердің шарттарын бұзған;
- Картаның иегері Берешекті Берешек түзілген сәттен бастап, Берешек толық өтелгенге дейін өтемеген;
- Карта/Қосымша Карта бойынша рұқсатсыз төлемдер тәуекелдігі туындаған;
- Карта/Қосымша Карта және/немесе Ағымдағы-шот алаяқтық операциялар жасау, ақшаны заңдастыру (тазарту және/немесе заңға қарсы қызметті қаржыландыру үшін пайдаланылуға деп пайымдауға негіз болған);
- Операцияларды жүзеге асыруға кедергі келтіретін заңнамалық өзгеріс;
- Банктің пікірі бойынша Картаның иегері/Қосымша Картаның иегері және/немесе Банк үшін нұқсанға әкеліп соғуы мүмкін мән-жайлар орын алған;
- Картаның/Қосымша Картаның әрекет мерзімі аяқталған жағдайларда біржақты тәртіпте бұғаттау.

4.1.10. Келесі жағдайларда Карточка ұстаушыдан Карточканы / Қосымша карточканы алып қою:

- Карточканың / Қосымша карточканың күшінде болу мерзімінің аяқталуы;
- Карточка ұстаушы өзінің міндеттерін орындамаған жағдайда;
- Карточка ұстаушы / Қосымша карточка ұстаушы Карточканы / Қосымша карточканы пайдаланудан бас тартуы;
- Осы Келісім-шарт бұзылған жағдайда.

4.1.11. Ағымдағы-шотқа транзакция күніне валюта сату бағамы бойынша келіп түсетін, Ағымдағы-шоттың валютасынан өзге валютаны айырбастауды жүзеге асыру.

4.1.12. Қазақстан Республикасының заңнамасының шеңберінде Картаны/Қосымша Картаны қолдануға байланысты ақпаратты пайдалану.

4.1.13. Талап етілмеген Картаны/Қосымша Картаны шығарылған күнінен бастап 3 ай өткен соң жою.

4.1.14. Картаның иегері жүргізілген транзакция күнінен бастап 45 күннен соң Банкке жазбаша нысанда тапсырған даулы Операция бойынша Арызды қарастырмау;

4.1.15. Егер операция жасалғанға дейін Банкке Картаны/Қосымша Картаны бұғаттау немесе күшін жою туралы жазбаша немесе ауызекі арыз жолданбаған болса, Картаның иегерінің дұрыс ДСН пайдаланып жасалған операциялар бойынша кінәрат-талаптарын қарастыруға қабылдамау.

4.1.16. Валюта туралы заңнамамен белгіленген жағдайларда, Картаның иегерінің және/немесе Қосымша Картаның иегерінің қажетті құжаттар тапсыруын және қажетті әрекеттер жасауын талап ету.

4.1.17. Картаның иегерінің және/немесе Қосымша Картаның иегерінің Карталары бойынша жүргізілетін авторландыру сұратымдары үшін Сыйақылық төлемдер жүйесімен төлеуге мәлімденген сомаларды акцептсіз тәртіпте шығарып алу және/немесе Ағымдағы-шоттан тура дебеттеу арқылы дебеттеу.

4.2. Банктің міндеттері:

4.2.1. Банк дербес айқындайтын мерзімдерде Ағымдағы-шот ашу үшін қажетті құжаттардың толық пакетін алғаннан және Банк Арызды акцепттегеннен кейін, әлуеттегі Картаның иегеріне/Қосымша Картаның иегеріне Карта/Қосымша Карта жасап шығару және беру.

4.2.2. Картаның иегерін Картаны бұғаттау (Картаның әрекет мерзімінің бітуіне байланыссыз) туралы Картаның иегері Банкке соңғы жазбаша жүгінісінде көрсеткен деректердің көмегімен 3 банк күнінің ішінде құлақтандыру.

4.2.3. Ағымдағы-шотқа қабылданған төлем тапсырысында көрсетілген валюталау күніне Картаның иегерінің шотына келіп түскен соманы есепке жатқызу.

4.2.4. Картаның иегерінің жазбаша Арызы бойынша Банк белгілеген шарттарға және Тарифтерге сай Ағымдағы-шоттан үзінді көшірмелер беру.

4.2.5. Картаның иегерін Жалпы шарттарда айқындалған шарттарда осы Келісімшартқа енгізілетін өзгертулер туралы құлақтандыру.

4.2.6. Карточка / Қосымша карточка ұстаушыға Карточканың / Қосымша карточканың мерзімі аяқталардан кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын, оның мерзімі аяқталатыны туралы Жалпы ережелерде қарастырылған тәсілмен хабарлау.

4.3. Картаның иегерінің құқықтары:

4.3.1. Банктің белгіленген тарифтері бойынша төлемақы үшін Карта / Қосымша карталар ресімдеу және/немесе күшін жою.

4.3.2. Карта / Қосымша Картаның иегері үшін белгілі бір кезеңге ақша пайдалану лимиттерін белгілеу және/немесе өзгерту.

4.3.3. Тиісті Арызға қол қою арқылы Карта / Қосымша карта бойынша ақша пайдалану лимитінің шамасын өзгерту.

4.3.4. Картаның иегері тиісті Арыз беру арқылы осы Келісімшартты жоспардағы үзу күнінен кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын ол туралы Банкті жазбаша түрде алдын ала құлақтандыру арқылы осы Келісімшартты кез келген сәтте үзуге құқылы.

4.3.5. Даулы транзакция күнінен бастап 45 күнтізбелік күннің ішінде дәлел ретінде слип, чек тапсырып, Банкке даулы операцияны қарастыру үшін жүгіну. Даулы транзакцияны анықтау аяқталғанға дейін шот бойынша дебеттелген ақша қаражаты қалпына келтірілмейді.

4.3.6. Ережелерде көрсетілген Картаны бұғаттау рәсіміне сәйкес жазбаша немесе ауызекі жүгінудің көмегімен Картаны бұғаттау.

4.3.7. Егер осы Келісімшартының шарттарына өзгерістің және толықтырулардың енгізуінің, Келісімшартты бұзу және оны тоқтату үшін комиссия төлеместен.

4.4. Картаның иегерінің міндеттері:

4.4.1. Өзінің шоты бойынша берілген Негізгі және Қосымша Карталарды пайдалану үшін толық жауапкершілік көтеру.

4.4.2. Белгіленген Тарифтерге сәйкес Банктің барлық комиссиялық алымдарын төлеу.

4.4.3. Банктің алдындағы Берешегін уақытында әрі толық көлемде өтеу.

- 4.4.4. Банкке 3 банк күнінің ішінде Иегердің Банкке соңғы жазбаша жүгінісінде көрсетілген қатынастық деректердің өзгергені туралы ақпарат беру.
- 4.4.5. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Банкке қажетті құжаттар тапсыру.
- 4.4.6. Банк Картаның иегерінің және/немесе Қосымша Картаның иегерінің айыбынан көтерген шығындарды өтеу.
- 4.4.7. Осы Келісімшартқа және Ережелерге сәйкес Банкке жазбаша немесе ауызекі Арыз беру арқылы Картаның/Қосымша Картаның, Ағымдағы-шоттың жоғалғаны, ұрланғаны, үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуі туралы Банкті дереу құлақтандыру.
- 4.4.8. Банктің тиісті талабын алған күннен бастап 5 (бес) күннің ішінде Ағымдағы-шотқа жаңсақ есепке алынған соманы Банкке қайтару.
- 4.4.9. Операцияларды жүргізу барысында Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау.
- 4.4.10. Ағымдағы-шот жабылған жағдайда, Ағымдағы-шотқа қызмет көрсету үшін тиесілі комиссия сомасын төлеу.
- 4.4.11. Келісім-шарт 4.1.4-тармақта қарастырылған тәртіпте бұзылған жағдайда, Банктің хабарламасын алған күннен 20 (жырма) күнтізбелік күн ішінде Банкке Берешекті толық өтеу.
- 4.4.12. Өзінің Ағымдағы-шоттарының жағдайын кем дегенде айына бір дүркін тұрақты бақылап отыру.
- 4.4.13. Картаны/Қосымша Картаны үшінші тұлғаларға табыстамау, өзінің ДСН-ін немесе картаның реквизиттер жария қылмау.
- 4.4.14. Осы Келісімшартты ұзу туралы жазбаша Арыз берген кезде Банкке осы Келісімшартқа сәйкес шығарылған барлық Карталарды/Қосымша Карталарды қайтару.
- 4.4.15. Осы Келісімшарттың талаптарын бұзуға байланысты әрекеттері толық материалдық жауапкершілік көтеру.

5. Овердрафт

- 5.1. Овердрафт пайда болға кезде Карточка ұстаушы Банкке Банк Тарифтерінде белгіленген мөлшерде сыйлықақы және Овердрафтты өтеу міндеттемесін орындауды кешіктірген әрбір күн үшін Банк Тарифтерінде белгіленген мөлшерде тұрақсыздық төлемін төлейді.
- 5.2. Сыйақыны және тұрақсыздық айыбын есептеу Овердрафт түзілген күннен бастап, ол іс жүзінде өтелген күнге дейінгі күндердің жүзіндегі саны бойынша жүргізіледі. Овердрафтты, овердрафт бойынша есептелген сыйақы мен тұрақсыздық айыбын өтеу мерзімі – түзілу күнінен бастап 30 (отыз) күн.
- 5.3. Картаның иегері Овердрафтқа жол берген әрбір жағдай Банктің осы Келісімшартты үзуі негіз болып табыла алады.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Банк міндет атқарады:

- 6.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банк құпиясын жария қылу үшін.
- 6.1.2. Осы Келісімшартқа сәйкес міндеттемелерін орындамау үшін;
- 6.1.3. Ағымдағы-шот бойынша жаңсақ жүргізілген операция үшін жауапкершілік көтереді. Жауапкершілік Юанк жаңсақ жүргізген операцияның күшін жоюмен шектеледі.
- 6.2. Банк міндет атқармайды:
- 6.2.1. Картаның/Қосымша Картаның көмегімен есеп айырысу арқылы сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы үшін;
- 6.2.2. Картаның иегерінің Банкке Картаны бұғаттау туралы Арызбен, сондай-ақ Картаның/Қосымша Картаның жарамдылық мерзімі біткенде уақытын кеш жүгінуінің салдары үшін;
- 6.2.3. Картаның иегері Ағымдағы-шот бойынша алмаған үзінді көшірмелер үшін.
- 6.2.4. Картаның иегері және/немесе Қосымша Картаның иегері Банкке берген ақпараттың дерексіздігі үшін;
- 6.2.5. Барған елдің Қандай-да бір дәрежеде Картаның иегерінің/Қосымша Картаның иегерінің мүдделерін қозғауы мүмкін валюталық шектемелері, сондайақ банкоматтар мен банк бөлімшелерінде қолма-қол ақша алу сомалары үшін.
- 6.2.6. Банк оларды төте бақылай алмайтын төлем жүйелерінің, электрондық құрылғылардың, банкоматтардың жұмысындағы істен шығу үшін.
- 6.2.7. Қандай-да бір қызметтер ұсынуға немесе қандай-да бір міндеттемелерін орындауға мүмкінсіздік Банктің бақылауынан тыс жатқан кез келген дауға немесе мән-жайға (тура немесе жанама түрде) байланысты болған жағдайда, сондай мүмкінсіздік үшін.
- 6.2.8. Картаны пайдаланудан туындаған немесе оны пайдалануға байланысты кез келген төте немесе жанама залалдар үшін жауапкершілік көтермейді.

6.3. Картаның иегері міндет атқарады:

- 6.3.1. Картаның иегерінің және/немесе Қосымша Картаның иегерінің осы Келісімшарттың және оған қосымшалардың шарттарын тиіссіз орындауы, Картаның иегерінің және/немесе Қосымша Картаның иегерінің Картаны тиіссіз пайдалануы үшін Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген нұқсанның толық көлемінде;
- 6.3.2. Банк және/немесе үшінші тұлғалар Картаның иегері және/немесе Қосымша Картаның иегері Картаның/Қосымша Картаның жоғалуы, оны уәкілетсіз тұлғаның пайдалануы жайттары және Банктің Картаны/Қосымша Картаны бұғаттауы туралы құлақтандырғанға дейін Картаны/Қосымша Картаны үшінші тұлғалардың рұқсатсыз пайдалануының нәтижесінде көтерген залалдар үшін залалдардың толық көлемінде.
- 6.3.3. Картаның иегерінің және/немесе Қосымша Картаның иегерінің осы Келісімшарттың және оған қосымшалардың, сондай-ақ Ережелердің шарттарын сақтамағанының нәтижесінде Банкке келген нұқсан үшін келтірген нұқсанның толық көлемінде.
- 6.3.4. Картаны/Қосымша картаны үшінші тұлғаларға табыстау, ДСН жария қылу үшін Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірген нұқсанның толық көлемінде.
- 6.3.5. Операциялар жүргізу барысында Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтамағаны үшін сондай сақтамаудың нәтижесінде Банкке және үшінші тұлғаларға келтірілген нұқсанның және/немесе залалдардың толық көлемінде;
- 6.3.6. Банкке берген мәліметтердің дерексіздігі үшін дерексіз мәліметтер берудің нәтижесінде туындаған, Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген нұқсанның және/немесе залалдардың толық көлемінде;

- 6.3.7. Банктің алдындағы Берешегін осы Келісімшартпен айқындалған тәртіпте және шарттарда толық көлемде өтемегені және/немесе уақытында өтемегені үшін жауапкершілік көтереді.
- 6.4. Тараптар міндеттемелерін орындамау жойқын күш мән-жайларының салдары болып табылса, ол үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 6.5. Жойқын күш мән-жайлары жағдайында орындалмаған міндеттемелерді орындау сондай мән-жайларды жеңу үшін қажетті орындау уақытына және мерзімге ауыстырылады.

7. Дауларды шешу тәртібі

- 7.1. Осы Келісімшартты іске асыру барысында тараптардың арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер тараптардың арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.
- 7.2. Тараптардың арасында келіссөздер арқылы шешімін таппаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шешуге жатады. Даулы жағдайды қарастыру Халықаралық төлем жүйесінің және Банктің рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.
- 7.3. Даулы операция бойынша өтініштер тиісті құжаттар (слиптер, чектер) қоса беріліп, транзакция жүргізілген күннен 45 (қырық бес) күнтізбелік күн ішінде қабылданады. Олай жасалмаған жағдайда Банк наразылық қабылдаудан бас тарта алады. Даулы жағдайды қарау Халықаралық төлем жүйелерінің (ХТЖ) және Банктің рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.
- 7.4. Егер Карточка ұстаушы рұқсатсыз төлем жүргізілген күнге дейін шара қабылдасамас және Банктің CallCenter-іне қоңыру соғып, не Банкке жазбаша өтініш беріп, Карточканың жоғалғаны / ұрланғаны туралы Банкке хабарламаса, Карточка / Қосымша карточка арқылы рұқсатсыз төлем жүргізілген жағдайда, Банк Карточка ұстаушының алдында жауапкершілікті болмайды. Банктік шоттан ақша қате алынғаны, шотқа ақша қате есептелгені анықталған кезде немесе рұқсатсыз төлем жүргізілген жағдайда, сондай-ақ төлем карточкасы жоғалған жағдайда Карточка ұстаушы Банкке ол туралы дереу хабарлайды.
- 7.5. Банк Карточка ұстаушыдан Карточка арқылы рұқсатсыз төлем жүргізілгені туралы хабарлама алған соң, өтініш жасалған күні Карточка арқылы операциялар жүргізуді тоқтата тұрады және Карточка ұстаушыдан алынған өтініштің негізінде Карточканы пайдалануды тоқтатады, сондай-ақ төлемнің рұқсатты / рұқсатсыз екендігін анықтау шараларын жүргізеді.
- 7.6. Банк рұқсатсыз төлем туралы өтініштер бойынша қызметтік тексеру жүргізеді және Карточка ұстаушының өтініші негізді болған жағдайда Карточка ұстаушының Ағымдағы шотында рұқсатсыз төлемнің сомасын қалпына келтіреді. Өтініш негізсіз болған жағдайда, Банк даулы операция сомасын қалпына келтіруден бас тартады. Карточка ұстаушының өтініштері ондай өтініштер алынған күннен 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей қаралады. Банк ішкі тексеру жүргізген кезде даулы операцияны 15 (он бес) күнтізбелік күннің ішінде реттемеген жағдайда, Банк 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Карточка ұстаушы Өтініште көрсеткен электрондық немесе почталық мекен-жайға Карточка ұстаушыға өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы аралық жауап жолдайды. Қазақстан Республикасының резиденті емес Банктің жүйесінде Төлем карточкасы пайдаланылып операциялар жүргізілген жағдайда, Карточка ұстаушының Өтінішін қарау мерзімдерін 30 (отыз) күнтізбелік күннен асырмай ұзартуға рұқсат беріледі. Карточка ұстаушыға ол туралы өтінішті қарау мерзімі ұзартылған күннен 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде хабарланады.

8. Осы Келісімшарттың әрекет мерзімі және оны өзгерту немесе үзу шарттары

- 8.1. Келісімшарт Банк Арызды осы Келісімшарттың 2-ші бөлімінің шарттарына сәйкес акцепттеген сәттен бастап күшіне кіреді және Картаның иегерінің және/немесе Қосымша Картаның иегерінің осы Келісімшарт бойынша орындалмаған міндеттемелері жоқ болған шартта, үзу сәтіне дейін немесе Ағымдағы-шотты жабу сәтіне дейін әрекет етеді.
- 8.2. Банк осы Келісімнің 4-бөлімінде көзделген тәртіппен шартын бұзуға құқылы.
- 8.3. Картаның иегері Келісімшартты жоспардағы үзу күнінен кем дегенде 30 (отыз) банк күні бұрын Банкті жазбаша түрде ескерту арқылы осы Келісімшартты кез келген сәтте үзуге құқылы. Ондай жағдайда Банк Карталарды қайтадан шығаруды жүзеге асырмайды және Карталар Картаның иегері көрсеткен Келісімшартты үзу күнінде күші жойылады. Осы Келісімшартты үзу туралы жазбаша құлақтандыру берген кезде Картаның иегері Банкке Келісімшартқа сәйкес шығарылған барлық Карталарды қайтарады.
- 8.4. Банк осы Келісімшартқа біржақты тәртіпте өзгертулер енгізуге құқылы. Келісімшартқа енгізілген өзгертулер туралы Банк Картаның иегеріне ақпаратты Банктің ресми сайтында жариялау арқылы және/немесе ақпаратты Банкте және/немесе Банктің филиалдарында/өкілдіктерінде орналастыру арқылы хабарлайды.
- 8.5. Банк осы Келісім-шартқа, Тарифтерге бір жақты тәртіпте өзгертулер, толықтырулар енгізу құқылы. Банк Келісім-шартқа енгізілген өзгертулер, толықтырулар туралы Карточка ұстаушыға ондай өзгертулер, толықтырулар күшіне кіретін күннен 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын, Жалпы ережелерде қарастырылған тәсілдермен хабарлайды. Карточка ұстаушы Келісім-шартқа енгізілетін өзгертулермен және/немесе толықтырулармен келіспеген жағдайда, Банктің алдындағы Берешегінің бүкіл сомасын өтеп, осы Келісім-шартты өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданыла бастайтын күнге дейін бұзуға құқылы.
- 8.6. Картаның иегері Банкке Ағымдағы-шотта үш айдан астам ақша болмаған кезде, Ағымдағы-шотты жабуға уәкілеттік береді.

Банктің құқықтық мекен-жайы және деректемелері

«Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ЕБ)
050010, г. Алматы, пр. Достық, 43
БИН 980 740 000 057
IBAN KZ97125KZT1001301327
БИК NBRKZZKX
Тел: +7 (727) 259-69-00
Факс: +7 (727) 259-69-02/01

«Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ЕБ) төлем Картасын пайдаланудың жалпы ережелері.

1. Терминдер мен айқындамалар

Авторландыру – Банктің төлемді төлем Картасын пайдаланып, жүзеге асыруға рұқсаты.

Банк – «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ЕБ), соның ішінде оның филиалдары мен өкілдіктері.

Банк күні – Қазақстан Республикасының банктері операциялар жүргізу үшін ашық болатын күн.

Эквайер-Банк – сауда (қызмет) кәсіпорындарымен келісім-шарттық қатынастары бар, олардан төлем карточкаларының көмегімен жасалатын транзакциялар туралы деректер қабылдайтын, оларды деректер алмасу жүйесіне бағыттайтын, сондай-ақ сауда (қызмет) кәсіпорындарымен жасалған келісімдерге сәйкес ол транзакциялар бойынша есеп айырысулар жүргізетін кредиттік-қаржылық мекеме, сауда (қызмет) кәсіпорындарына қызмет көрсетуге халықаралық төлем жүйесінен немесе оның уәкілетті қатысушысынан алған құқы (лицензиясы) бар ұйым.

Банкомат–қолма-қол Ақша беруге және Карточканы ұстаушы Карточканы пайдалана отырып, Банктің қосымша қызметтерін алуға арналған электронды-механикалық құрылғы.

Картаны бұғаттау – төлемдерді төлем Картасын пайдаланып, жүзеге асыруға толық немесе уақытша тыйым салу.

Халықаралық төлем жүйесімен өзара есеп айырысу валютасы – Банк ХТЖ-мен өзара есеп айырысуларды АҚШ долларымен, еуромен және теңгемен жүргізеді.

Шот бойынша үзінді-көшірме – Банкпен мерзімді ұсынылатын жазбаша үзінді-көшірме, белгілі бір мерзім үшін Шот бойынша кредиттік/дебеттік операцияларды, сонымен қатар Қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге ақпаратты көрсететін өзге ақпарат. Шот бойынша үзінді-көшірме Мәлімдеменің бір түрі болып табылады және Шот бойынша операциялар жасаудың жеткілікті дәлелі болып қызмет етеді. Операциялар Шот бойынша үзінді-көшірмеде көрсетілген, Жұмыс күні жасалған болып есептеледі.

Деректер алмасу – төлем жүйесі белгілеген ережелерге сәйкес эквайер мен эмитенттің арасында транзакциялық деректер бар хабарламалар арқылы транзакциялар туралы деректермен алмасу үдерісі.

Картаның иегері – Негізгі Картаны пайдалануға құқығы бар және Ағымдағы-шоттың иесі болып табылатын, әрі осы Келісімшарттың бір Тарабы болып табылатын жеке тұлға.

Қосымша Картаның иегері – Картаның иегері және/немесе оның атына Қосымша Карта шығарылған өзге бір жеке тұлға.

Келісім-шарт – осы Келісім-шарттың ажырымас бөлігі болып табылатын Жалпы ережелерді қоса, жеке тұлғамен MasterCard («AltynBank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕБ)) ХТЖ Карточкасын беру және пайдалану тәртібі туралы осы келісім-шарт.

Қосымша Карта – Картаның иегерінің жазбаша нұсқауы бойынша және Картаның иегері белгілеген шарттарда Қосымша Картаның иегерінің атына шығарылған, Қосымша Картаның иегеріне электрондық терминалдар немесе құрамында Қосымша Картаның иегеріне төлемдерді жүзеге асыруға, қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауды және Ағымдағы-шот бойынша Банкпен және оның шарттарында айқындалған басқа операциялар жүргізуге мүмкіндік беретін ақпарат бар өзге құрылғылар арқылы Картаның иегерінің Ағымдағы-шоттағы ақшасына қол жеткізу құқығын беретін Карта.

Қарыз – Банк Картаның иегеріне Ағымдағы-шот бойынша Несиелік лимиттің шектерінде берген және Картаның иегері пайдаланған ақша сомасы. Қарыз Ағымдағы-шоттың валютасында беріледі.

Берешек – Картаның иегерінің Банк Карта бойынша көрсеткен қызметтердің ақысын төлеу, алынған Қарызды қайтару, есептелген сыйақыны, айыппұлдарды, өсімпұлдарды, тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша орындалмаған міндеті.

Өтініш – осы Келісім-шарттың шарттарын қабылдау, оған тұтас және толық қосылу, Карточка / Қосымша карточка беру туралы, Банк белгілеген қалып бойынша жасалған және Карточка ұстаушы қол қоятын құжат.

Ағымдағы-шот – Банк осы Келісімшарттың негізінде Картаның иегеріне ашатын, Картаны пайдаланып ақша орналастыру және операциялар жасау (операциялар мен есеп айырысу жүргізуді есепке алу) үшін пайдаланылатын банк шоты.

Карта (төлем карточкасы) – электрондық терминалдар немесе құрамында Картаның иегеріне төлемдерді жүзеге асыруға, қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауды және Ағымдағы-шот бойынша эмитентпен және оның шарттарында айқындалған басқа операциялар жүргізуге мүмкіндік беретін ақпарат бар өзге құрылғылар арқылы Картаның иегерінің Ағымдағы-шоттағы ақшасына қол жеткізу құралы.

Байланыс Орталығы – Банктің құрылымдық бөлімшесі, Картаның иегерінің/Қосымша Карталардың иегерлерінің қонырауларын қабылдауды және өндеуді, Банктің өнімдері мен қызметтері туралы ақпарат беруді, Карталарды қосуды, бұғаттауды және Клиентке ағымдағы қызмет көрсету үшін, Банк айқындайтын өзге функцияларды жүзеге асырады.

Авторландыру коды–Авторлану үшін қажетті, Банкпен немесе тиісті төлем жүйесімен тағайындалған, нөмірді білдіретін әріптік-санды символдардың бірегей комбинациясы.

Овердрафт – Ағымдағы-шот бойынша Несиелік лимитті есепке алғанда, Картаның иегерінің шығындарының оның Ағымдағы-шотындағы ақшаның қалдығынан асып түсуі.

Операция (транзакция) – Ағымдағы-шотта көрсетуге жататын кез келген операция, соның ішінде Карта пайдаланылатын шығындық Операциялар (Тауарға төлеу және қолма-қол ақша алу), Ағымдағы-шотқа қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз ақша енгізу; Қайтарымдық төлемдер; және Ағымдағы-шотта көрсетуге жататын басқа операциялар. Операцияны Қазақстан Республикасының шектерінде де, сондай-ақ оның шектерінен тыс жасауға болады.

ДСН – Дербес сәйкестендіру нөмірі, Картаның иегері мен Қосымша Картаның иегеріне берілетін және оларды сәйкестендіруге арналған құпия код.

Төлем жүйесі – өзара белгілі бір ережелермен және шарттармен біріккен және қарым-қатынастарын төлем Карталарының технологиясын пайдаланудың негізінде құратын есеп айырысуға қатысушылар мен олардың есеп айырысу агенттерінің жүйесі. Келісімшарттың шеңберінде Төлем жүйесі MasterCard International халықаралық төлем жүйесі болып табылады.

Ережелер – Банк әзірлеген, Келісімшартқа № 1 Қосымшада берілген халықаралық төлем Картасын пайдалану ережелері.

Банктің тарифтері – Банктің уәкілетті органы біржақты тәртіпте бекіткен, Банктің қызметтеріне ақы төлеу күніне қолданыстағы Банктің қызметіне байланысты оның оның қызметтері үшін комиссиялар мен сыйақылардың мөлшерлемелері.

Эмитент – төлем карточкаларын шығаратын, төлем карточкаларын ұстаушылар жүргізген транзакциялар туралы деректерді алатын, авторландыру жүргізетін, төлем карточкаларын ұстаушылар жүргізген транзакциялар бойынша төлем жасалуына кепілдік беретін және төлем карточкаларын ұстаушылардың сомаларын төлем карточкаларын ұстаушылардың шоттарына есептейтін кредиттік-қаржылық мекеме.

2. Карточканы пайдалану ережесі

2.1. Картаны беру және сақтау тәртібі

- 2.1.1.** Банк Картаны/Қосымша Картаны тікелей Картаның иегеріне береді. Картаны алған кезде Иегер Банкті қызметкерлерінің көзінше Картаның артқы бетінде ол үшін арнайы көзделген шетжолда қолтаңбасын қояды.
- 2.1.2.** Клиенттің қалауына қарай карточкалық операцияларға арналған Ағымдық шот бойынша қосымша карточканы шығаруға арналған Өтініште Клиент көрсеткен кез келген адамның атына (егер адам осы Шарттарда көзделген барлық құжаттарды ұсынған жағдайда және көрсетілген адамға қосымша карточка шығару Қолданыстағы заңнамаға, Банктің ішкі саясатына, стандарттары мен рәсімдеріне қайшы болмаған жағдайда) ресімделген Қосымша Карточка шығарылуы мүмкін.
- 2.1.3.** Карточканы үшінші тұлғаға пайдалануға немесе кепілзат ретінде беруге тыйым салынады. Өкілетті емес адам Банкке немесе Кәсіпкерлердің сауда желісіне көрсеткен карточка алынуы тиіс
- 2.1.4.** Карта/Қосымша Карта шығару ол Иегеріне берілгенге дейін Карта бойынша қандай-да бір операциялап жүргізу ықтималдығын төмендететін жандандырылмаған мәртебемен жүргізіледі. Картаны жандандыруды Картаның иегері тікелей Банктің бөлімшесінде немесе Алматыдағы +7 (727) 259-69-00 телефон арқылы Байланыс Орталығына жеке қоңырау арқылы жүргізе алады.
- 2.1.5.** Картаның иегері Картаның бүлінуінен абай болу үшін, Картаға қолайсыз факторлардың әсер етуіне жол бермеуге тиіс.
- 2.1.6.** Карточканы ұстаушы Карточканы заңсыз кіруі/ оны үшінші тұлғаның пайдалануы мүмкіндігін болдырмайтын орындарда және тәсілмен тиісті сақтауға жауапты болады.
- 2.1.7.** Карточканы ұстаушы Карточканы ұстаумен байланысты, оның ішінде Карточкаға және/немесе Шот бойынша Үзіндідегі ақпаратқа және/немесе Карточканың ұстаушысына арналған өзге де ақпаратқа/хат-хабарға заңсыз кірумен/үшінші тұлғалардың пайдалануымен байланысты барлық тәуекелдерді қабылдайды.
- 2.1.8.** Талап етілмеген Картаны Банк шығарылған күнінен бастап үш ай өткен соң қояды.

2.2. ДСН-код

- 2.2.1.** Карта берілгеннен кейін, Дербес Сәйкестендіру Нөмірі басылған салымшасы бар жабық конверт Картаның иегерінің өз қолына беріледі. ДСН-код қатаң жабық сипатта болып табылады және ешбір шарттарда қандай-да бір үшінші тарапқа, соның ішінде Банктің қызметкерлеріне хабарланбауға тиіс.
- 2.2.2.** ПИН-кодты Банк қызметкері және үшінші тұлғалар білмейді және Карточканы ұстаушы оны Карточканы пайдаланатын барлық уақыт бойы құпия сақтауы тиіс.
- 2.2.3.** ПИН-код-тың құпиялығын қамтамасыз ету үшін төменде көрсетілген ережелерді сақтау ұсынылады:
 - егер ПИН-кодты Карточка ұстаушысы қандай да бір жерге жазып қойса, Карточка мен жазбаны бөлеу сақтау қажет;
 - электрондық құрылымның клавиатурасында (Банкоматты қоса алғанда) терілетін ПИН-код санының комбинациясын қандай да біреудің көруіне мүмкіндік бермеу керек.
 - ПИН-код санын теру кезінде электрондық құрылғы (Банкоматты қоса алғанда) дисплейінде олар шартты белгілер түрінде көрінеді. ПИН-код теру кезінде қателеспеудің маңызы зор. Егер алты рет қатарынан (кезкелген уақыт аралығында, Банкоматты қоса алғанда, бір немесе әртүрлі электрондық құрылғыларды пайдалану кезінде) дұрыс емес ПИН-код терілсе, Клиентке ары қарай операцияларды орындау үшін, ПИН-кодты теру есептегішін нөлге қою керек, бұл үшін Клиентке Банктің Байланыс-Орталығына бару керек.
 - ДСН-кодты дұрыс терумен расталған карталық операцияларды Банк Картаның иегері жасаған деп санайды.
 - Картаның иегері ДСН-коды немесе ПИН ұмытып қалған жағдайда, оған Банкке жүгіну және Картаны қайтадан шығару тиісті Арыз ресімдеу қажет болады.

3. Карта бойынша операциялар жүргізу

- 3.1.** Карточкалық операцияларды жүргізу үшін Карточка ұстаушы Карточканы Кәсіпкердің немесе қолма-қол ақшаны беру пунктіннің кассиріне ұсынады не өзіне өзі қызмет көрсету режимінде Банкоматтың көмегімен іс-қимылдар жасайды не Карточканың деректемелерін пайдалана отырып, өзге де тәсілдермен Карточкалық операцияларды жүзеге асырады.
- 3.2.** Осы арқылы Банк және Клиент Карточка ұстаушысы жүргізген Карточка операциялары бойынша шоттарды төлеу Банктің Клиенттің карточкалық операцияларды жүргізуге арналған Ағымдағы шотынан осы Шарттар негізінде және Клиенттің қанда да бір қосымша келісімінсіз қажетті соманы акцепсіз алып қою жолымен жүргізілетіне келіседі.
- 3.3.** Клиенттің карточка бойынша операциялары ХТЖ арқылы өтеді. ХТЖ техникалық параметрлеріне сай Карточкалар бойынша операциялар екі кезеңнен өтеді. Бірінші кезеңде сома шотта резервтеледі / оқшауланады

(бұдан әрі – «Авторизация»), екінші кезеңде Ағымдағы шоттан есептен шығарылады. Есептен шығару қызмет көрсететін Банк-Эквайерден растаушы ақпаратты алу фактісі бойынша ХТЖ арқылы өтеді.

- 3.4. Тиісті есептерді жүзеге асыру үшін карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы Ақшаның жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында Клиент Банкке оқшауланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы Авторизация сомасына арналған Ақшаны оқшаулау өкілеттігін ұсынады.
- 3.5. Авторизация сомасынан ерекшелене алады. Банк-Эквайерлермен ХТЖ арқылы өзара есептесу валюталары АҚШ доллары мен еуро болып табылады.
- 3.6. Карточканы немесе Карточканың нөмірін ХТЖ-да және Банктің өзге құрылғыларында қолдану нәтижесінде ағымдағы шотқа қаражаттың түсіуі ХТЖ-нан және Банктің құрылғыларынан келетін электронды мәлімет негізінде жүзеге асады. Бұл электронды мәлімет Банк және Клиент тарапынан Карточка иесінің Ағымдағы шоттарындағы қаражатты атқару.
- 3.7. Карточка арқылы операция Ағымдағы шот валютасынан басқа валютада жүргізілген кезде авторландыру үшін ХТЖ белгілеген бағам қолданылады. Карточка арқылы операция Ағымдағы шот валютасынан басқа және ХТЖ өзара есеп айырысу валютасынан басқа валютада жүргізілген кезде авторландыру үшін ХТЖ Банктің ондай операцияларды жүргізу үшін операцияларды жүргізу сәтінде қолданыстағы Тарифтерге сәйкес алатын комиссияларын есепке ала отырып белгілеген, шет валютасын айырбастау бағамы қолданады.
- 3.8. Карточка бойынша операция үшін соманы іс жүзінде есептен шығару ХТЖ-нен алынған төлем құжатының негізінде жүргізіледі. Ағымдағы шоттан ақша қаражатын есептен шығару кезінде Банктің ХТЖ-нен төлем құжатын алған күн мен уақыттағы шет валютасын айырбастау бағамы қолданылады. Ол кезде есептен шығару сомасының Авторландыру сомасынан операция жүргізетін валюта бағамының Авторландыру немесе төлем құжатын алу күні мен уақытындағы ауытқуына байланысты айырмашылығы болуы мүмкін.
- 3.9. Карточка бойынша операция валютасы Ағымдағы шотты жүргізу валютасымен сәйкес болған жағдайда айырбастау жүргізілмейді.
- 3.10. Егер Банк Эквайер-Банктен Ағымдағы шоттан ақша қаражатын есептен шығаруға растайтын ақпаратты алмаса, бұрын құрсауланған сома 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң төлемдер жасау үшін қайтадан қол жетімді болады. Авторландыру жасау үшін сұралған мәміле жасалмаса және оны сауда орны, саудагер немесе Эквайер-Банк жазбаша растаса немесе мәміле басқа сомаға жасалса (ол үшін басқа Авторландыру сұралады), Авторландырудың күші жойылады.
- 3.11. Банк Карточка бойынша Авторизацияның күшін жойған жағдайда СМС-хабарламаны жолдамайды. Карточканы ұстаушы Клиенттің Карточкалық операциялары үшін Ағымдағы шотта баланстың шегінде немесе Несие сомасы шегінде ғана Карточкалық операциялары жүзеге асыруға құқылы.
- 3.12. Техникалық овердрафт туындаған жағдайда, Банк Карточкалық операциялар үшін Ағымдағы шотты оқшаулайды. Клиент туындаған техникалық овердрафтың сомасын өтеуге міндеттенеді.
- 3.13. ПИН-кодтың дұрыс терілуі және/немесе Карточканы ұстаушы атынан Слиптегі және чектегі қойылған қол Карточка ұстаушысының карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттан Ақша алуға тапсырмасы болып табылады.
- 3.14. Карточкалармен санкцияланбаған (алаяқтық) Операцияларға жол бермеу мақсатында Банк Қазақстан Республикасының аумағының шегінен тыс, сонымен қатар ЖТИБ-де жасалатын Карточка бойынша операциялардың (транзакциялардың) барлық түріне жүйелік шектеуді орнатқан болатын.
- 3.15. Банк оның ішкі саясаттарына, стандарттары мен рәсімдеріне сәйкес дербес Карточкалық операциялар бойынша стандарттық лимиттер мен шектеулерді белгілеу мен өзгертуді жүргізеді. Бұл ретте, Карточкалық операциялар бойынша стандарттық лимиттер мен шектеулер өзгертілген жағдайда, Банк Клиентке жаңа лимиттерді қолданысқа енгізген күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей ескертеді. Клиент Карточкалық операциялар бойынша стандарттық лимиттердің өзгертілуімен келіспеген жағдайда, Банк тиісті шарт бойынша Карточкалық операциялар үшін Ағымдағы шотқа қызмет көрсету үшін міндеттемелерден бос болып саналады және осындай болған кезде Берешекті дереу өтеуді талап етуге құқылы.
- 3.16. Карточка ұстаушының Ағымдағы шоты қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз толықтырылады.
- 3.17. Клиент Карточка бойынша операцияларды Карточка бойынша қол жетімді теңгерімнің шектерінде жүзеге асырады. Клиент Карточка бойынша әрбір операцияны жүргізгенге дейін Карточка бойынша қол жетімді теңгерімнің өзгергені туралы мәліметтерді өздігінен алуға және Карточка бойынша операцияларды Карточка бойынша қол жетімді теңгерімнің шектерінде ғана жүргізуге міндетті.

4. Қолма-қол ақша алу үшін Карточканы пайдалану

- 4.1. Карточканы ұстаушының Карточка бойынша қолма-қол ақша алуы тиісті төлем жүйесіне мүше банктердің қолма-қол ақша беру пункттерінде немесе Банкомат көмегімен жүргізіледі.
- 4.2. Әдетте, қолма-қол Ақша Карточка бойынша болу елінің валютасымен беріледі. Кейбір елдерде Карточкабойынша қолма-қол ақшаны беру жиілігі мен барынша жоғары сома тиісті болуы елінің заңнамасымен шектелуі мүмкін.
- 4.3. Әртүрлі төлем жүйелерінің ережелері әртүрлі болатындығына байланысты Банктің қолма-қол ақша беру пункттерінде қандай да бір қосымша сыйақы алуына (Тарифтерге қатысы жоқ) жауапты болмайды.
- 4.4. Банкомат көмегімен қолма-қол ақшаны алуды Карточканы алушы өзіне өзі қызмет көрсету режимінде жүргізеді.
- 4.5. Карточкалық операциялар аяқталып, банкнотты Банкоматтан алғаннан кейін чек беріледі (егер Карточканы ұстаушы чекті басу опциясын таңдаған жағдайда). Чектегі ақпараттың құпиялығына орайбасылған чекті өзімен бірге алып кету және оны ешқашан Банкоматтың маңына қалдырып кетпеу ұсынылады.
- 4.6. ПИН-код дұрыс терілмеген кезде Банкоматтың дисплейінде тиісті хабарлама көрінеді және Карточкалық операцияларды жүргізуден бас тартылатын болады.
- 4.7. ПИН-код дұрыс терілген кезде жарамды Карточкалардың операциялары мынадай себептер арқылы жүргізілмеуі мүмкін:
 - сұралатын сома Банкомат кассеттерінде бар банкноттармен берілмеуі мүмкін. Осы Банкоматқа арналған нұсқаулықта көрсетілген банкноттың еселенген ең аз номиналындағы сомасын сұрау қажет;

- сұралатын сома Банкоматтың қолма-қол ақшаны беру құрылғысының ауқымы айқындайтын, бір реттікберу лимитінен асып кетеді. Сұралатын соманы бөліктерге бөліп, операцияны бірнеше рет қайталау керек;
 - сұралатын сома карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы сомадағы Ақша қалдығынан асыпкетеді. Бұл жағдайда карточкалық операцияларға арналған ағымдағы шоттағы Ақша қалдығы туралы ақпаратты басу функциясын пайдалана отырып, мөлшерін айқындауға болатын аз сома сұрау ұсынылады;
 - сұралатын сома Карточканы ұстаушы/ Банк белгілеген Банкомат арқылы қолма-қол ақшаны алудың күндізгі лимитінен асып кетеді.
- 4.8.** Банкоматпен жұмыс кезінде, Карточканы және/немесе берілетін банкноттарды 20 (жиырма) секунд ішінде (күту уақыты ерекшелене талады және әртүрлі Банктердің банкоматтарын техникалық баптауға байланысты болады) Карточканы ұстаушы беру құрылғысынан алмаса, қорғау жүйесі іске қосылып, Клиенттің ақшасын сақтау мақсатында Карточка және/немесе банкнот Банкоматтың ішіне қайта тартылып, арнайы қуыста ұстап қалынаатынын есте сақтау керек. Мұндай жағдайда Карточка ұстаушысына Карточканы қайтаруды осы Банкоматқа қызмет көрсететін Банк тек Карточканы ұстау себебі айқындалғаннан және Банкпен консультация жүргізілгеннен кейін ғана жүргізіледі, ал Авторизация фактісі бойынша карточкалық операцияларына арналған Ағымдағы шоттан алынған (немесе бұл соманың алынбаған бөлігі) Карточкалық операцияның қалпына келтірілген сомасы тек Банкоматты қайта инкассациялау және Карточканы ұстаушының алынбаған қолма-қол ақша сомасы нақтыланғаннан кейін ғана жүргізілмеуі мүмкін. Карточканы ұстаушы осы Банкоматқа қызмет көрсететін банкпен келіссөздерде жәрдем көрсету үшін Банкке жүгінуге құқылы.
- 4.9.** Карточканың немесе қолма-қол ақшаның Банкоматта ұсталу себебін Банк Карточка ұстаушысы Банккежүгінген күннен кейін 30 (отыз) Жұмыс күннен кешіктірмей ауызша (телефон бойынша, карточканы ұстап қалу жағдайында) немесе оның ішінде Банктің талабы бойынша жазбаша (егер клиенттің сұранысы ақшаны ұстап қалуға байланысты болса, осындай сұраулар тек Банктің бөлімшесінде ғана рәсімделеді) анықтайды.
- 5. Карточканы Кәсіпкердің тауарлары, жұмыстары мен қызметтері төлемі үшін пайдалану**
- 5.1.** Төлем жүйелерінің ережесі бойынша Кәсіпкер Карточканы төлемге қабылдау кезінде тауарлардың, жұмыстардың, немесе қызметтердің құнын қолма-қол есептесумен салыстырғанда өсіруге құқығы жоқ.Карточканы ұстаушы Банкке тауарлар, жұмыстар немесе қызметтердің құны өсуінің барлық жағдайлары туралы хабарлауға міндетті.
- 5.2.** Кассир Карточка ұстаушысынан оның жеке басын куәландыратын құжатты талап етуге құқылы. Құжатболмаған кезде кассир Карточканы ұстаушының операциясын жүргізуден бас тартуға құқылы.
- 5.3.** Кассир Карточканы алғаннан кейін Карточкалық операцияны Авторизациялау үшін Банкке сұраужібереді: автоматтандырылған режимде кассир Авторизацияны электрондық терминал көмегімен жүзеге асырады. Кассир Карточканы терминалдың ақпаратты оқу құрылғысына салады, пернетақтада операция сомасын тереді. Терминалдан сұрау жағдайында, Кассир Карточканы ұстаушыға арнайы пернетақтада ПИН-код теру жолымен операцияны растауды ұсынады. Сұрау Банкке шұғыл байланыс арнасы арқылы түседі. Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотта Ақша жеткілікті болып, ПИН-код дұрыс терілген кезде (егер ПИН-кодты теруді Карточканы ұстаушы жүзеге асырған жағдайда) операцияның жасалғанын растайтын екі данадағы чек басылады. Кассир Карточканы ұстаушыға чектің бір данасын табыс етеді. Карточканы ұстаушы чекте көрсетілген деректердің дұрыстығын тексереді. Қабылданған технологияға қарай чек Карточканың ұстаушысы мен кассирдің қолдары арқылы куәландырылуы мүмкін.
- 5.4.** Карточка бойынша Операцияны жүзеге асырған кезде сауда/қызмет көрсететін кәсіпорын (немесе Карточка бойынша Операция жүргізілетін өзге мекеме), тиісті техникалық жабдықтау болған кезде, Карточка бойынша Операция жүргізілетін, сол банктің, қаржы мекемесінің белгілеген бағамды пайдалана отырып, теңгемен немес басқа валютамен Карточка бойынша Операцияның сомасын конверсиялай алады. Егер Ағымдағы шоттың валютасы конвертация жүргізілген валютадан ерекшеленетін болса, есептен шығару 3.8-тармағына сәйкес орын алады.
- 5.5.** Банк Кәсіпкердің кассирлерінің Карточкалық операцияларды жүзеге асырмаған немесе жүзеге асырукезінде қателік жіберген іс-қимылдары, атап айтқанда, егер кассир Карточканы ұстаушыны тексеруді және оның төлем құжаттарындағы қолын Карточкадағы және/немесе жеке басын куәландыратын құжаттағы қолымен салыстыруды жүзеге асырмағаны үшін жауапты болмайды.
- 5.6.** Операция жүргізуге рұқсат болғанда, кассир алдын ала онда Картаның нөмірі, операцияның сомасы және күні дұрыс көрсетілгенін тексеріп, чекті толтырады. Чектегі қолтаңба чекте көрсетілген ақпараттың дұрыстығының дәлелі болып табылады.
- 5.7.** Карточканы ұстаушы Қолданыстағы заңнамада белгіленген шектеулерді ескере отырып, Карточкабойынша төленген сатып алған заттарды қайтаруға немесе Карточка бойынша алдын ала төленгенқызметтерден бас тартуға құқылы. Бұл үшін Карточка ұстаушысының талабы бойынша және Кәсіпкердіңкелісімімен кассир «сатып алынған заттарды қайтару» операциясын жүзеге асырады. Сатып алынғанзаттарды қайтару Кәсіпкер авторизация Кодын алғанға дейін немесе одан кейін жүзеге асырылуы мүмкін.
- 5.8.** Бірінші жағдайда операция оны рәсімдеуді тоқтату жолымен тікелей Кәсіпкердің өзінде бұзылады.Карточканы ұстаушыға, егер тіптен Слипке әлі олар қол қоймағанның өзінде Карточка бедерін ала отырып, Слиптің жойылуын бақылау ұсынылады.
- 5.9.** Екінші жағдайда Карточка ұстаушы қайтару операциясының жүргізілуін талап етуі қажет, өйткеніавторизация Коды алынғаннан кейін операция сомасы карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттан есептен шығарылады. Қайтару операциясын жүргізу үшін кассир Карточканы ұстаушы менкассирдің қолдарымен куәландырылатын арнайы қайтару (несиелік) Слипін («Reversal Slip») рәсімдейді немесе арнайы чекті басып бере отырып, электрондық терминалдың («Reversal») арнайы функциясын іске қосады. Бұл ретте, егер Кәсіпкер Авторизация кезеңінде қайтару жасаған болса, онда операцияның бұрын бұғатталған сомасының Карточкалық операциялар үшін Ағымдағы шотта бірден қолжетімді болатынын ескеру керек. Егер операция сомасы Карточкалық операциялар үшін Ағымдағы шоттан есептен шығарылып қойылған болса, онда қайтару сомасы Банктің қаржы құжатын алғаннан кейін көрсетілетін болады (уақыт интервалы 30 күнтізбелік күнге дейін құрайды).

6. Карточканы оқшаулау

- 6.1.** Карта жоғалған немесе ұрланған жағдайда, дереу Картаны бұғатату туралы талаппен (бұдан әріде – Талап) +7 (727) 258-25-25 телефоны арқылы Байланыс Орталығы қызмет орталығына жүгіну немесе «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ЕБ) жақын жердегі бөлімшесіне жүгіну қажет.
- 6.2.** Талапта төмендегілер көрсетіледі: жасырын сөз, Картаның иегерінің тегі, есімі, әкесінің есімі, Картаның/Қосымша картаның нөмірі мен әрекет мерзімі, хабарласуға арналған телефон нөмірі.
- 6.3.** Осы арқылы Карточканы ұстаушы, Карточка тиісті түрде тіркелген Талап болмаған кезде Карточка Карточканы ұстаушының иелегінде және пайдалануында, ал Банктің Талапты тіркегенге дейін Карточканы пайдалана отырып, жасалатын Карточкалық операцияларға Карточканы ұстаушы тиісті түрде рұқсат еткен деп саналатынына сөзсіз келседі.
- 6.4.** Клиенттің талапты Банктік филиалына немесе тиісті төлем жүйесінің кез келген мүшесіне жіберген жағдайында, Карточканы оқшаулау Банктің осы филиалы немесе тиісті төлем жүйесінің мүшесі Карточканы ұстаушыатынан берген Талапты Банкті тіркегеннен кейін күшіне енеді.
- 6.5.** Карточка оқшауланғаннан кейін Карточканы ұстаушының жазбаша өтініші негізінде Банк жаңа нөмірімен ПИН-кодты бар жаңа Карточка шығарады.
- 6.6.** Банк Карточканы сақтауға және пайдалануға қойылатын талаптар сақталмаған жағдайда, сондай-ақ ПИН-кодтың құпиялығы сақталмаған (оның ішінде Карточканы оқшаулағаннан кейін) жағдайда, сондай-ақ Карточканы ұстаушыға қасақана заңға қарсы іс-қимыл анықталған жағдайда Карточка ұстаушығаталап-арыз қою құқығын сақтайды.
- 6.7.** Бұрын жоғалды деп мәлімделген Карточка табылған жағдайда Карточканы ұстаушы бұл туралы Банкке дереу хабарлап, Карточканы Банкке қайтаруға міндетті. Табылған карточканы осы тармақта белгіленгендей қайтармаған жағдайда Карточканы ұстаушы Банкке мұндай карточканы қайтармаудан туындайтын барлық тәуекелдерді қабылдайды, сондай-ақ Банкке Банктің Карточканы алып қоюмен байланысты болуы мүмкін кез келген қосымша шығындарын өтеуге міндеттеме алады.
- 6.8.** Карталарды бұғаттау: Картаның иегерінің Ағымдағы-шотын бұғаттаусыз – негізгі және қосымша карталардың Иегерлерінің Арыздарының негізінде; Картаның иегерінің Ағымдағы-шотын бұғаттаумен бірге – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен айқындалған рәсімдерге сәйкес уәкілетті органдардың және лауазымды тұлғалардың шешімінің негізінде жүргізіледі.
- 6.9.** Егер Банкте Клиенттің карточкалық операцияларына арналған Ағымдағы шоты бойынша заңсыз алаяқтық операциялар жүргізу тәуекелі бар деп санауға негізі болса, онда Банк карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотын алдын ала хабарламасыз оқшаулауға құқылы.
- 6.10.** Карточканы/Қосымша Карточканы егер, ол уақытша бұғатталған жағдайда бұғаттаудан ажыратуға болады; жоғалтумен/ұрлаумен байланысты Карточканы бұғаттау кезінде Карточканы бұғаттаудан ажырату жүзеге асырылмайды, Карточка Клиенттің өтініші бойынша (жазбаша немесе Байланыс Орталығына қоңырау туралы) қайта шығарылады, бұл ретте Карточка Иесінен Карточканы қайта шығару үшін комиссия алынады.

7. Картаны ұстап қалу

- 7.1.** Картаны қызмет көрсету пунктінде ұстап қалу:
 - Карта бұғатталған;
 - Картаны ұсынушы оның Иегері болып табылмайтын;
 - Картаның иегері Карталық операция жүргізуден кейін Картаны қызмет көрсету пунктінде ұмыт қалдырған жағдайларда жүргізіледі.
- 7.2.** Картаны ұстап қалу банкоматпен, қызмет көрсету пунктінің кассирімен, төлем Карталары бөлімінің қызметкерімен немесе Банктің қауіпсіздік қызметімен жүргізіледі.
- 7.3.** Картаны банкоматтың ұстап қалу себебін Банк Картаның иегері Банкке жүгінген күннен кейінгі келесі банк күнінен кешіктірмей анықтайды.
- 7.4.** Ұстап қалынған Картаны қайтауды Банк Картаны ұстап қалу себебіне байланысты, тиісті шешім қабылдаудан кейін жүргізеді.
- 7.5.** Банктің Қазақстан аумағынан тыс картаны кідіртуі жағдайында карточканы қайтару құрылғысында картаны кідірту болған Банктің рәсімдеріне байланысты болады.

8. Картаның әрекет мерзімі, пайдалануды тоқтату, доғару, Картаны алмастыру

- 8.1.** Карта 3 (үш) жылға шығарады. Картада оның әрекет мерзімі бітетін күн (айы мен жылы) көрсетіледі. Карта онда көрсетілген жыл мен айдың соңғы күнін қоса, оның соңына дейін жарамды. Мерзімі өткізілген барлық Карталар бұғатталады және Банкке тапсыруға жатады.
- 8.2.** Банк Карточка ұстаушыға Карточканың күшінде болуы мерзімі аяқталардан 10 (он) күнтізбелік күн бұрын ол туралы Жалпы ережелерде қарастырылған тәсілдердің кез-келгенімен хабарлайды.
- 8.3.** Карточканың қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін және Карточканы ұстаушының өзге нұсқаулары болмаған кезде Карточканы Банк автоматты түрде жаңа мерзімге қайта шығарады. Қолдану мерзімі өтіпкеткен барлық Карточкалар және Қосымша Карточкалар оқшауланады және Банкке қайтарылуға жатады.
- 8.4.** Пайдаланудан бас тартқан жағдайда, Картаның иегері Банкке тиісті Арызбен жүгінуге және Картаны тапсыруға міндетті.
- 8.5.** Банк осы Шартта көзделген негіздер бойынша кейіннен нақты оқшауланған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Карточканы ұстаушыға хабарлай отырып, кез келген сәтте Карточканы алып қоюға немесе оқшаулауға және/немесе Карточканы ұстаушының ықтимал шығыстарын қандай да бір өтеусіз Карточканы ауыстырудан бастартуға құқылы.
- 8.6.** Карточканы ұстаушы Банктің жазбаша талабы бойынша мұндай талапта көрсетілген мерзім ішінде Карточканы қайтаруға міндетті.

- 8.7. Карточканы ұстаушы Карточканы қайтармаған/ уақтылы қайтармаған жағдайда Клиент Карточканымұндай қайтармау/ уақтылы қайтармаудың барлық тәуекелдерін қабылдайды, сондай-ақ Банкке Банктің Карточканы алып қоюмен байланысты болатын кез келген қосымша шығыстарын өтейді.
- 8.8. Иегеріне Картаны алмастыру немесе ол үшін жоғалғанның орынына жаңа Карта шығару жазбаша Талаптың негізінде жүргізіледі.
- 8.9. Карточканы ауыстыруды немесе жоғалғанның орнына жаңа Карточка шығаруды Байланыс-орталықтың телефоны бойынша Карточканы ұстаушыдан қабылданған жазбаша өтініші негізінде де жүргізіледі. Алайда, мұндай жағдайда, Банк Карточканы ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш ұсынылған сәтке дейін Карточканы ауыстырудан немесе жаңасын шығарудан бас тартуға немесе тоқтата тұруға құқылы.
- 8.10. Карточка егер, оның қолданылу мерзімі біткен, Карточка бүлінген, жоғалған, ұрланған, ДСН-кодтың құпиясы ашылған, Карточканың Иесі ДСН-кодты ұмытып қалған жағдайда Халықаралық төлем жүйесінің талап етуі бойынша, Карточка Иесінің тілегі бойынша немесе Карточка Иесінің карточка бойынша заңсыз операциялардың алдын алу үшін жүгінуі кезінде ауыстырылады.
- 8.11. Ауыстырылатын Карточка Банкке міндетті түрде тапсырылуға (жоғалған/ ұрланған Карточкаларды қоспағанда) тиіс. Карточканы ұстаушы осы тармақта көрсетілгендей Карточканы қайтармаған/уақтылы қайтармаған жағдайда Клиент Карточканы мұндай қайтармау/ уақтылы қайтармаудың барлық тәуекелдерін қабылдайды, сондай-ақ Банкке Банктің Карточканы алып қоюмен байланысты болатын кезкелген қосымша шығыстарын өтейді.
- 8.12. Банк Клиенттен Тарифке сәйкес және жаңа Карточканы мұндай дайындаумен және жеткізумен байланысты шеккен курбелік/ почта шығыстарын ескере отырып, жаңа Карточканы дайындағаны және жеткізгені төлемін ұстап қалады.

9. Картаға қызмет көрсету

- 9.1. Банк Шот бойынша Клиентке көшірмені айына бір рет тегін береді. Одан кейін Көшірмені беру үшін Банк Тарифтерімен көзделген Банктің комиссиясы өндіріп алынады.
- 9.2. Карточка ұстаушы Банкке Карточкаға қызмет көрсеткені үшін Банк бекіткен және ағымдағы күні қолданыстағы Тарифтерге сәйкес комиссиялық сыйақы төлейді. Банк Тарифтер туралы мәліметтерді Карточка ұстаушыға осы Келісім-шартқа қол қойғанға дейін береді. Одан кейін Тарифтердің кез-келген өзгерістері туралы ақпарат Жалпы ережелерде белгіленген тәртіпте, ондай өзгерістер күшіне кірерден 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын беріледі.

10. Дауларды реттеу

- 10.1. Картаның иегеріне Ағымдағы-шот бойынша ақшаның жұмсалуды есепке алу және ықтимал дауларды реттеу үшін, чектерді сақтаған абзал.
- 10.2. Картаның иегері Банктен Ағымдағы-шоттан ақша шығарудың дұрыстығын растайтын құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы.
- 10.3. Картаның иегері пошта арқылы жолданған кез келген құлақтандыруды Картаның иегері Банкке соңғы жазбаша жүгінісінде көрсеткен мекен-жай бойынша жөнелтілген күнінен кейін 7 күннің ішінде алған деп саналатын болады. Өзгертулерді Банк неғұрлым жарамды деп табатын түрде жариялау Картаның иегерін өзгертулердің және/немесе толықтырулардың күшіне кіргені туралы құлақтандыруды білдіретін болады.
- 10.4. Картаның иегері транзакция жасалған күннен бастап 45 күннің ішінде Банкке жазбаша Арызбен жүгінуге тиіс. Арыз негізді болған жағдайда, Банк Ағымдағы-шоттағы Карталық операцияның сомасын қалпына келтіреді. Арыз негізсіз болған жағдайда, даулы операцияны анықтау бойынша барлық шығындарды Картаның иегері көтереді.
- 10.5. Карточка ұстаушының өтініштері ондай өтініштер алынған күннен 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей қаралады. Банк ішкі тексеру жүргізген кезде даулы операцияны 15 (он бес) күнтізбелік күннің ішінде реттемеген жағдайда, Банк 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Карточка ұстаушы Өтініште көрсеткен электрондық немесе почталық мекен-жайға Карточка ұстаушыға өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы аралық жауап жолдайды.
- 10.6. Қазақстан Республикасының бейрезиденті Банктің жүйесінде Төлем карточкасы пайдаланылып операциялар жүргізілген жағдайда, Карточка ұстаушының Өтінішін қарау мерзімдерін 30 (отыз) күнтізбелік күннен асырмай ұзартуға рұқсат беріледі. Карточка ұстаушыға өтінішті қарау мерзімі ұзартылған күннен 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде ол туралы жазбаша түрде хабарланады.

11. Картаның иегерінің назарына

- 11.1. Банктен ақпаратты уақытында алу мақсатында, Картаның иегері банкті тұрақты мекен-жайының және/немесе телефон нөмірінің өзгергені туралы хабарландыруға тиіс.
- 11.2. Картаны пайдалануға қатысты барлық мәселелер бойынша, Картаның иегері Байланыс Орталығының төмендегі телефон арқылы жүгіне алады: +7 (727) 259-69-00.